



ҚАЗАҚСТАН МЕН ЕУРОПАЛЫҚ ОДАҚ АРАСЫНДАҒЫ СТРАТЕГИЯЛЫҚ ӘРІПТЕСТІКТІ НЫҒАЙТУ ТУРАЛЫ БІРЛЕСКЕН МӘЛІМДЕМЕ

2026 жылғы 23 маусымда Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев Брюссель қаласына ресми сапармен келіп, Еуропалық Кеңестің Президенті Антониу Кошта және Еуропалық Комиссияның Президенті Урсула фон дер Ляйенмен кездесу өткізді.

Көшбасшылар Президент Қ.К. Тоқаевтың сапарын өзара көлік байланысының, энергетикалық қауіпсіздіктің және орнықты жеткізу тізбектерін қамтамасыз етудің геосаяси маңызы артып отырған кезеңде Қазақстан мен Еуропалық Одақ (ЕО) арасындағы стратегиялық әріптестіктің нығаюын айқындайтын маңызды белгі ретінде құптады. Олар 2025 жылы қол қойылғанына 10 жыл толуы аталып өткен Қазақстан Республикасы мен Еуропалық Одақ арасындағы кеңейтілген әріптестік және ынтымақтастық туралы келісім шеңберінде ынтымақтастықты одан әрі тереңдетуге бейілділігін растады.

Президенттер Еуропалық Одақтың Қазақстанның жетекші сауда және инвестициялық серіктесі ретіндегі рөлін атап өтіп, инвестициялық ахуалды одан әрі жетілдіруге және стратегиялық секторлардағы, оның ішінде ЕО-ның «Жаһандық қақпа» стратегиясының Орталық Азияға қатысты қолданылатын ережелері шеңберінде, атап айтқанда, аса маңызды шикізат материалдары, энергетика, көлік, цифрландыру және жаңа технологиялар салаларында ынтымақтастықты нығайтуға келісті.

Олар Транскаспий халықаралық көлік дәлізінің стратегиялық маңызын атап өтіп, Еуропалық Одақтың «Жаһандық қақпа» стратегиясы шеңберіндегі ынтымақтастықтың кеңеюін құптады. Көшбасшылар Горизонталды авиациялық келісімге қол қойылғанын және виза беруді жеңілдету туралы келісім мен реадмиссия туралы келісім бойынша келіссөз жүргізушілер деңгейіндегі талқылаулардың сәтті аяқталғанын құптады, бұл Қазақстан мен Еуропалық Одақ азаматтары арасындағы өзара байланыс пен халықтар арасындағы қарым-қатынастарды нығайтуға ықпал етеді.

Президенттер аса маңызды шикізат материалдары саласындағы ынтымақтастықтың маңыздылығын растады және Қазақстан мен Еуропалық Одақ арасындағы орнықты шикізат, аккумуляторлар және «жасыл» сутегі құн тізбектерін құру салаларындағы стратегиялық әріптестікті іске асыру жөніндегі Жол картасын орындауға бейілділігін білдірді. Сонымен қатар олар Қазақстанның Еуропаға мұнай мен



уран жеткізудегі маңызды рөлін және жаңартылатын энергетика мен атом энергиясын бейбіт мақсатта пайдалану салаларындағы неғұрлым тығыз ынтымақтастықтың әлеуетін мойындай отырып, сенімді энергетикалық әріптестіктің маңыздылығын атап өтті. Олар санкциялар мәселесі бойынша жалғасып жатқан сындарлы диалогты құптады.

Көшбасшылар Еуропалық инвестициялық банкпен және Еуропалық қайта құру және даму банкімен ынтымақтастықтың нығаюын құптады. Атап айтқанда, ЕИБ-мен жасалған өзара көлік байланысын қолдау жөніндегі келісімге (150 миллион еуро) және Қазақстанда халықаралық деңгейде аккредиттелген ұлттық химиялық-талдамалық зертхана құру туралы Еуропалық қайта құру және даму банкімен өзара түсіністік туралы меморандумға қол қойылуын жоғары бағалады. Аталған бастамалар Еуропалық Одақпен әріптестікте «Team Europe» тәсілі шеңберінде іске асырылатын болады. Сондай-ақ 2025 жылғы «Орталық Азия – Еуропалық Одақ» саммитінің декларациясында көзделгендей, ЕИБ-нің Астанадағы өкілдігін ашуға қолдау білдірілді.

Президенттер «Air Astana» мен «Airbus» арасында жалпы құны 7,145 миллиард еуроны құрайтын 50-ге жуық әуе кемесін сатып алуды көздейтін Сертификаттық келісімге қол қойылуын құптады. Олар бұл

келісімді авиация, инновациялар, көлік байланысын дамыту және жеке сектор инвестицияларын тарту салаларындағы Қазақстан мен Еуропалық Одақ арасындағы ынтымақтастықтың тереңдеп келе жатқанының нақты көрінісі ретінде атап өтті.

Президенттер климат саласында белсенді іс-қимылдарға және «жасыл» энергетикаға көшуге өздерінің бейілділіктерін растады, сонымен қатар бәсекеге қабілеттілікті арттыру және экономикалық ынтымақтастықты күшейту мақсатында тығыз диалогты қолдады. Олар сондай-ақ білім беру, зерттеулер жүргізу және инновациялар саласындағы ынтымақтастықтың кеңеюін, оның ішінде «Erasmus+» және «Horizon Europe» бағдарламалары аясындағы ынтымақтастықты құптады.

Еуропалық Одақ Қазақстанда жүргізіліп жатқан саяси реформалардың күн тәртібін танып, 2026 жылғы наурызда республикалық референдум арқылы жаңа Конституцияның қабылданғанын атап өтті. Көшбасшылар адам құқықтары, құқық үстемдігі және сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес мәселелері бойынша диалогтың жалғасуын, соның ішінде Венеция комиссиясымен ынтымақтастықты, сондай-ақ «TAIEX» және «Twinning» бағдарламалары шеңберіндегі практикалық ынтымақтастықты құптады.

Президенттер бейбітшілікке, қауіпсіздікке және тұрақтылыққа, сондай-ақ Біріккен Ұлттар Ұйымы Жарғысының қағидаттарына, оның ішінде егемендікке, аумақтық тұтастыққа және дауларды бейбіт жолмен реттеуге деген ортақ бейілділіктерін растады. Олар Біріккен Ұлттар Ұйымының қағидаттарына негізделген тиімді көпжақты тәсілдің маңыздылығын атап өтіп, қақтығыстарды бейбіт жолмен шешуді қолдайтындарын растады. Көшбасшылар сондай-ақ қарусыздану мен таратпау жөніндегі жаһандық режимді нығайтудың, оның ішінде ядролық қарудан азат аймақтарды қолдаудың маңыздылығын атап өтті. Еуропалық Одақ БҰҰ жүйесі аясында су ресурстарына байланысты жаһандық мәселелерді шешу мақсатында Халықаралық су ұйымын құру жөніндегі Қазақстанның бастамасын назарға алды.

Президенттер Орталық Азия мен Еуропалық Одақ арасындағы қатынастардың стратегиялық әріптестік деңгейіне көтерілгенін құптап, 2026 жылғы сәуірде Астанада өткен Өңірлік экологиялық саммиттің қорытындыларын атап өтті. Олар ортақ өркендеуді, орнықтылықты, тұрақты дамуды және тұрақтылықты қамтамасыз ету үшін Орталық Азиядағы өңірлік ынтымақтастықты нығайтудың маңызды екенін атап көрсетті.

Олжас Бектенов «Жазғы Давос» дүниежүзілік экономикалық форумының жұмысына қатысып, бірқатар екіжақты кездесу өткізді

Олжас Бектенов «Жазғы Давос» дүниежүзілік экономикалық форумының жұмысына қатысып, бірқатар екіжақты кездесу өткізді

Қазақстан Республикасының Премьер-министрі Олжас Бектенов Далинь қаласында (ҚХР) «Жазғы Давос» дүниежүзілік экономикалық форумының жаңа чемпиондарының 17-ші жыл сайынғы кездесуінің ашылу салтанатына қатысып, Моңғолия Премьер-министрімен, Бангладеш Халық Республикасының Премьер-министрімен, сондай-ақ Дүниежүзілік экономикалық форумның Президенті және бас директорымен бірқатар екіжақты кездесу өткізді.

Форум жұмысына Үкімет басшылары, ірі компаниялар мен сарапшылар қоғамдастығының өкілдері қатысты. Күн тәртібі технологиялық трансформация, инвестициялық ынтымақтастық, цифрландыру, ЖИ және экономикалық өсудің жаңа драйверлерін іздеу мәселелерін қамтиды.

Моңғолия Премьер-министрі Ням-Осорын Учралмен келіссөздер барысында сауда-экономикалық өзара іс-қимылды дамыту, өнеркәсіп кооперациясы, тау-кен металлургиясы және көлік-логистика салаларындағы ынтымақтастық, агроөнеркәсіп кешені, цифрландыру және жасанды интеллект, сондай-ақ ғарыштық технологиялар саласындағы әріптестік мәселелері талқыланды. Моңғолия Президенті Ухнаагийн Хурэлсухтың биыл сәуір айында Қазақстанға жасаған мемлекеттік



сапарының қорытындысы бойынша қол жеткізілген уағдаластықтардың жүзеге асырылу барысы, сондай-ақ екі ел басшылары қойған өзара сауда көлемін \$500 млн-ға дейін жеткізу міндетін жүзеге асыру жөніндегі шаралар қаралды. Келіссөздер қорытындысы бойынша Олжас Бектенов пен Ням-Осорын Учрал өзара қызығушылық тудыратын экономиканың барлық бағыты бойынша ынтымақтастықты нығайтуға дайын екендерін жеткізді.

Бангладеш Халық Республикасының

Премьер-министрі Тарик Рахманмен кездесу барысында сауда және инвестиция, көлік-логистика, цифрландыру салаларындағы ынтымақтастық мәселесіне назар аударылды. Қазақстан Премьер-министрі Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың бастамасымен елімізде жүзеге асырылып жатқан және мемлекеттілікті нығайтуға, «Заң мен тәртіп» қағидатын қамтамасыз етуге, Әділетті Қазақстан құруға бағытталған реформалар еліміздің орнықты экономикалық өсуіне, инвестициялық

тартымдылығын арттыруға және халықаралық ынтымақтастықты кеңейтуге қажетті жағдай жасап отырғанын атап өтті. Кездесу қорытындысы бойынша қазақ-бангладеш ынтымақтастығын одан әрі тереңдетуге өзара мүдделілік және экономиканың басым салаларында жаңа бірлескен жобаларды жүзеге асыруға дайындық расталды.

World Economic Forum президенті және бас директоры Алоис Цвингимен келіссөздер барысында цифрлық трансформация, жасанды интеллект, инвестициялар тарту, адами капиталды дамыту салаларындағы өзара іс-қимыл перспективалары талқыланды.

Кездесу барысында Қазақстанның Дүниежүзілік экономикалық форуммен жүйелі сараптамалық әріптестікке көшуге мүдделілігі айтылды. Сондай-ақ «Бәйтерек» инвестициялық холдингі арқылы ынтымақтастыққа қызығушылық білдірілді.

Бүгінгі таңда Қазақстанда инвестициялық ахуалды жетілдіру және бірлескен жобаларды жүзеге асыру үшін қолайлы жағдай жасау бойынша жүйелі жұмыс жүргізілуде.

Атап айтқанда, инвесторларға мемлекеттік қолдау шараларының кең ауқымы қолжетімді. Altyn Visa арнайы визалық режимі енгізілуде, салықтық және кедендік преференциялар қолданылады. Жобаларды сүйемелдеу «бір терезе» қағидаты арқылы жүзеге асырылады.

БЕЙБІТ ИСАБАЕВ ҚХР-НЫҢ АЛМАТЫ ҚАЛАСЫНДАҒЫ БАС КОНСУЛЫМЕН КЕЗДЕСТІ

Жетісу облысының әкімі Бейбіт Исабаев биылғы жылдың наурыз айында қызметіне кіріскен Қытай Халық Республикасының Алматы қаласындағы жаңа Бас консулы Су Фанцюмен кездесті. Тараптар экономикалық, инвестициялық және мәдени-гуманитарлық салалардағы екі жақты ынтымақтастықтың келешегі туралы талқылады, - деп хабарлайды Жетісу облысы әкімінің баспасөз қызметі.

Дипломатты жаңа қызметімен құттықтаған өңір басшысы Қазақстан мен Қытай арасындағы өзара құрметке, сенім мен достыққа негізделген ынтымақтастықтың жоғары деңгейде екенін атап өтті.

Бейбіт Исабаевтың айтуынша, Жетісу облысы – республика бойынша Қытаймен шекарада 5 бақылау-өткізу бекеті бар жалғыз өңір. Оның ішінде 2 теміржол, 2 автомобиль және 1 туристік өткізу пункті бар. Сонымен қатар екі ел арасындағы ортақ шекараның облыс аумағындағы ұзындығы 563 шақырым. Облыс әкімі өңірдің әлеуметтік-экономикалық дамуының басым бағыттары туралы жан-жақты айтып берді, атап айтқанда, аграрлық сектор, аймақтың көлік-логистикалық әлеуеті, туризм, «жасыл» энергетика салаларына және бірлескен инвестициялық жобаларға ерекше тоқталды.

– Өңір аумағында Қытай Халық Республикасы инвесторларының қатысуымен 14 инвестициялық жоба жүзеге асырылуда, оның 7-еуі биыл қолға алынған. Сонымен қатар жуырда біздің өңірде қуаты 250 МВт болатын жел электр станциясын салуға ниетті қытайлық ірі «Envision Energy» компаниясының өкілдерімен кездестім. Жалпы, бізді өсіресе ауыл шаруашылығы өнімдерін, оның ішінде сүт, ет және жүн өңдеу саласындағы ұсыныстар қызықтырады. Өз тарапымнан облысымызда кәсіпкерлікпен айналысуға және әлеуетті инвесторлар үшін заңнама аясында барлық қажетті әкімшілік әрі экономикалық жағдайлар жасалғанын сенімді түрде айта аламын, – деді Б. Исабаев.

Өңір басшысына жылы қабылдауы үшін алғыс білдірген Су Фанцю өз сөзінде:

– Жетісу облысы – екі жақты ынтымақтастықты дамытудағы негізгі өңірлердің бірі. Атап айтқанда, біз өңіраралық байланыстарды жандандыруға мүдделіміз, соның ішінде Шыңжаң Ұйғыр автономиялық ауданы мен Жетісу облысы арасындағы бауырластық байланыстар аясындағы ынтымақтастықты кеңейтуге дайынбыз. Сонымен қатар көлік-логистика саласындағы әріптестікті, жаңартылатын энергия көздері, электрондық сауда және мәдени-гуманитарлық бағыттардағы өзара іс-қимылды дамытуға ниетіміз бар. Жалпы алғанда, біз «Бір белдеу – бір жол» бастамасы аясында барлық саладағы практикалық ынтымақтастықты нығайтуға және екі жақты әріптестіктің жаңа даму нүктелерін тұрақты түрде ашуға дайынбыз, – деді ол.

Кездесу соңында тараптар өзара ынтымақтастық аясын одан әрі кеңейтуге мүдделі екендерін растап, алдағы уақытта бірлескен жұмысты жалғастыруға дайын екендіктерін білдірді.

Жетісу облысы әкімінің баспасөз қызметі.
Суретті түсірген: Дмитрий ЕРОФЕЕВ.

Жетісу облысында «Қорғас – Шығыс қақпасы» АЭА аумағында төмен биіктіктегі экономиканы дамытуға, озық технологияларды енгізуге және зияткерлік өндірісті өркендетуге бағытталған индустриялық парк құрылады. Осыған байланысты Жетісу облысының әкімдігі мен инвестор компания арасында ынтымақтастық туралы меморандумға қол қойылды, - деп хабарлайды Жетісу облысы әкімінің баспасөз қызметі.

ЖЕТІСУДА «ҚОРҒАС - ШЫҒЫС ҚАҚПАСЫ» АЭА АУМАҒЫНДА ИНДУСТРИАЛДЫ ПАРК ҚҰРЫЛАДЫ

Құжатқа Polyking Newhorizons Technology Industry Co., Ltd. компаниясының бас директоры Ли Канчао және Жетісу облысы әкімінің орынбасары Әсет Қанағатов қол қойды.

Меморандум аясында тараптар аумағы 1 мың гектар болатын заманауи индустриялық парк құру бойынша ынтымақтастық орнатуға келісті. Жобада табиғи газды негізгі шикізат ретінде пайдаланатын интеграцияланған энергетикалық станцияның құрылысы қарастырылған. Бұл станция бір мезгілде электр энергиясын өндіріп, жылумен қамтамасыз етіп, сұйытылған табиғи газ шығарады. Жобалық қуаты – тәулігіне 2 млн текше метрге дейін табиғи газ тұтынады.

Жасалған келісімдерге сәйкес, Polyking Newhorizons Technology Industry Co., Ltd. компаниясы инвестиция тартып, жобалық-сметалық құжаттама әзірлеп, сондай-ақ индустриялық парк пен энергетикалық инфрақұрылым нысандарының құрылысын жүргізеді. Өз кезегінде облыс әкімдігі қолданыстағы заңнама аясында нысандарды инженерлік инфрақұрылым желілеріне қосуға, газбен жабдықтауды ұйымдастыруға қажетті қолдау көрсетіп, инвестициялық жобаны барлық кезеңдерде сүйемелдейтін болады.



Әсет Қанағатовтың айтуынша, аталған құжатқа қол қою өңірдің инвестициялық тартымдылығын арттырудағы және «Қорғас – Шығыс қақпасы» арнайы экономикалық аймағы аумағында халықаралық деңгейдегі жаңа индустриялық алаң қалыптастырудағы маңызды қадам болды.

– Аталған жобаны іске асыру Жетісу облысының өнеркәсіптік әлеуетін дамытуға, тікелей шетелдік инвестицияларды тартуға, жаңа жұмыс орындарын құруға, заманауи өндірістік технологияларды енгізуге және Қазақстан мен Қытай арасындағы халықаралық инвестициялық ынтымақтастықты нығайтуға ықпал етеді, – деп түйіндеді сөзін облыс әкімінің орынбасары.

Жетісу облысы әкімінің баспасөз қызметі.

• **Жетісу облысына – 4 жыл**

Жетісу облысының әкімі Бейбіт Исабаев полиция қызметкерлері мен өңірдегі ішкі істер органдары ардагерлерін кәсіби мерекелерімен құттықтады. Өңір басшысы өз сөзінде олардың қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етуге, қоғамдағы тұрақтылықты сақтауға, азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын қорғауға қосып отырған маңызды үлесін атап өтті, – деп хабарлайды Жетісу облысы әкімінің баспасөз қызметі.

Мерекелік іс-шара дәстүр бойынша қызметтік міндетін атқару кезінде қаза тапқан қызметкерлерге арналған ескерткішке гүл шоқтарын қою рәсімінен басталды. Мұнан соң Ілияс Жансүгіров атындағы Мәдениет сарайында салтанатты жиын ұйымдастырылып, онда облыс әкімі құттықтау сөз сөйледі.

- Мемлекет басшысының «Заң мен Тәртіп» тұжырымдамасы елдегі түбегейлі реформалардың негізі болып отыр. Оны жүзеге асыру құқық қорғау органдарының ғана емес, барша қоғамның міндеті. Әділетті қоғам құрып, заң үстемдігін нығайту жолында әрбір полиция қызметкері өз міндетін адал атқаруы тиіс. Біз өз тарапымыздан қажетті қолдау көрсетеміз, - деген Б. Исабаев, облыста ішкі істер органдарының материалдық-техникалық базасын нығайту бағытында атқарылып жатқан жұмыстарға тоқталды.

Осы жиында Ақсу аудандық полиция бөлімінің бастығының бірінші орынбасары,

8 жедел басқару орталығы құрылып, полиция қызметі үшін 289 бірлік қызметтік автокөлік сатып алынды

полиция майоры Ермек Исаев, Қаратал аудандық полиция бөлімінің криминалдық полиция бөлімшесінің аға жедел уәкілі, полиция капитаны Берік Бибеков, Ескелді аудандық полиция бөлімінің қоғамдық қауіпсіздік бөлімшесінің учаскелік полиция инспекторы, полиция капитаны Нұрсейіт Абдрахманов, сондай-ақ Сарқан ауданы мен Текелі қаласы полиция бөлімдерінің тергеу бөлімшелерінің тергеушілері, полиция аға лейтенанттары Диас Тошанов пен Әділет Байсаринов облыс әкімінің қолынан Құрмет грамоталары мен Алғыс хаттарға ие болды.

Сонымен қатар бірқатар полиция қызметкерлеріне арнаулы атақтар беріліп, «Ішкі істер органдарының үздігі» төсбелгісімен, сондай-ақ Ішкі істер министрінің грамотасымен және Алғыс хаттымен марапатталды. Мерекелік шараның соңы концерттік бағдарламаға ұласты.

Облыстық полиция департаментінің жеке құраммен жұмыс басқармасы бастығының орынбасары Айдын Сүлейменов:

– Жетісу облысы полициясының қатарында екі мыңнан астам қызметкер еңбек етеді. Олардың қай-қайсысы да

уақытпен санаспай, күн сайын қоғамдық тәртіпті сақтау, азаматтардың құқықтары мен қауіпсіздігін қорғау жолында қызмет атқарып келеді. Біз мамандардың біліктілігін арттыруға ерекше көңіл бөлеміз. Өйткені қазіргі заманда интернет-алаяқтық сияқты қылмыс түрлері кең етек алды. Сондықтан біздің басты міндетіміз – осы бағытта да халықтың қауіпсіздігін қамтамасыз ету, – деді ол.

Отставкадағы полиция полковнигі, ішкі істер органдарының құрметті ардагері Болат Молдабеков өскелең ұрпақты тәрбиелеу мәселесіне қатысты өз пікірін білдірді:

– Қазір мен зейнет демалысындамын. Соған қарамастан жас полиция қызметкерлеріне қолымнан келгенше қолдау көрсетуге тырысамын. Ардагерлер ұйымының құрамында мектеп оқушыларымен, студенттермен кездесу өткіземіз. Өйткені жастар арасында патриоттық құндылықтарды дәріптеу, құқықтық мәдениет пен құқықтық сауаттылықты қалыптастыру – бүгінгі күннің маңызды міндеттерінің бірі, – деп атап өтті.

Айта кетейік, облыс әкімдігінің қолдауының арқасында 2022 жылдан

бастап өңірлік Полиция департаментінің материалдық-техникалық база-сы заманауи техникамен, арнайы құрал-жабдықтармен жүйелі түрде жабдықталуда. Құқық бұзушылықтарды жедел анықтау мақсатында аудандық және қалалық полиция бөлімдеріне, сондай-ақ департамент басқармаларына 31 дрон берілді. Сонымен қатар өңірде 1415 бейнебақылау камерасы орнатылып, биыл тағы 220 камераны іске қосу жоспарланып отыр. Соңғы жылдары 289 бірлік қызметтік және арнайы автокөлік сатып алынды. Бұдан бөлек, қоғамдық орындарда құқық бұзушылықтардың алдын алу мақсатында аудандарда 8 жедел басқару орталығы құрылды, 6 әкімшілік ғимаратқа жөндеу жұмыстары жүргізілді. Қазіргі таңда Сарқан ауданындағы Лепсі ауылында күрделі жөндеуден өткен полиция пункті қайта пайдалануға берілді. Қабылданған шаралардың нәтижесінде өңірде қылмыстық құқық бұзушылықтар саны 36 %, ал қоғамдық орындарда жасалған қылмыстар 44 % төмендеді.

Жетісу облысы әкімінің баспасөз қызметі.



МЕДИЦИНА ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІНЕ ҚҰРМЕТ КӨРСЕТІЛДІ

Өткен жұмада Құман Тастанбеков атындағы аудандық мәдениет үйінде Медицина қызметкерлері күніне арналған салтанатты шара өтті. Мерекелік кеш барысында ақ халатты абзал жандардың адам өмірін сақтаудағы өлшеусіз еңбегі мен мамандықтың маңыздылығы дәріптелді.

Салтанатты жиында аудан әкімі Ғалымжан Маманбаев сөз сөйлеп, денсаулық сақтау саласының қызметкерлері мен ардагерлерін мерекелік құттықтады.

– Сіздерді кәсіби мерекелеріңіз – Медицина қызметкерлері күнімен шын жүректен құттықтаймын! Адам жанына араша болып, халық денсаулығын сақтауды өмірлік мұрат еткен мамандық иелерінің еңбегі әрдайым құрметке лайық. Мемлекет басшысының қолдауы мен қамқорлығының арқасында ауданымыздың медициналық инфрақұрылымы, материалдық техникалық базасы біршама жаңарып, ел игілігіне еңбек етуде. Бұл жұмыстардың барлығы тұрғындардың өмір сүру сапасын арттыруға және денсаулығын нығайтуға бағытталған. Халық денсаулығын қорғау жолында аянбай еңбек етіп жүрген барлық медицина қызметкерлері мен сала ардагерлеріне шынайы ризашылығымызды білдіреміз, – деді аудан басшысы.

Сондай-ақ Ғалымжан Қанатұлы қиын-қыстау кезеңдерде антына адалдық танытып, халыққа қалтқысыз қызмет еткен аға буынға құрмет көрсету мақсатында аудандық орталық аурухана аумағында олардың есімдерін айшықтап жазып қоюды ұсынды. Өңір басшысының ұсынысы жиналғандар тарапынан бірауыздан мақұлданып, ақ халатты абзал жандар қошаметпен қол соқты.

Мерекелік шара барысында ауданның денсаулық сақтау саласында ұзақ жылдар еңбек етіп келе жатқан Рауза Алиева Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің «Еңбек ардагері» төсбелгісімен, Нурия Ошағанова «Денсаулық сақтау ісіне қосқан үлесі үшін» төсбелгісімен марапатталды. Ал денсаулық сақтау саласының дамуына елеулі үлес қосқан бірқатар қызметкерлер Жетісу облысы әкімінің «Құрмет грамотасымен», «Алғыс хатымен», сондай-ақ аудан әкімінің Алғыс хатымен марапатталды.

Сонымен қатар, Сарқан аудандық ардагерлер ұйымының төрағасы Мұрат Түсіпов сала мамандарын кәсіби мерекемен құттықтап, аудандық аурухана бастауыш ардагерлер ұжымына елеулі еңбегі үшін «Алғыс хатты» салтанатты түрде табыстады.

Шара соңында аудандық мәдениет үйінің өнерпаздары дайындаған концерттік бағдарлама ұсынылып, мерекелік кеш көтеріңкі көңіл-күймен қорытындыланды.

Өз тілшіміз.

МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТШІ МӘРТЕБЕСІ ТАСЫДЫ

Мемлекеттік қызметші күні — елімізде жыл сайын 23 маусымда аталып өтетін кәсіби мереке. Бұл күн мемлекеттік қызметкерлердің қоғам мен мемлекетті дамытудағы еңбегін құрметтеуге арналған.

Осы мерекеге орай мемлекеттік қызметшілерге алғыс айтылып, үздік қызметкерлер марапатталады, салтанатты іс-шаралар өткізіледі. Сондай салтанатты жиын аудан әкімдігінің үлкен мәжіліс залында өтті.

Жиналғандарды алдымен аудан әкімі Ғалымжан Маманбаев құттықтап, халық пен мемлекеттің арасындағы алтын көпір іспеттес мемлекеттік қызметшілердің еңбегін айрықша атап өтті.

-Мемлекеттік қызметші – ел дамуына үлес қосып, халықтың мұң-мұқтажын тыңдап, азаматтардың мәселесін шешуге атсалысатын маңызды тұлға. Оның басты міндеті – заң талаптарын сақтай отырып, халыққа сапалы қызмет көрсету, ел мүддесіне адал еңбек ету.

Мемлекеттік қызметшінің білімі, жауапкершілігі мен адамгершілігі қоғамдағы сенімнің нығаюына ықпал етеді. Сондықтан ол халық пен билік арасындағы байланысты жалғайтын алтын көпір іспетті.



Барлық мемлекеттік қызметшілерге еңбектеріңізге табыс, абырой және халық алғысына бөлене беріңіздер деген тілегімді білдіремін, - деді Ғалымжан Қанатұлы.

Бұдан соң аудан басшысы бірқатар белсенді сала қызметкерлерін көпшілік алдында марапаттап, мерейлерін өсірді. Атап айтқанда қызметтерін қалтқысыз атқарып, өңіріміздің өсіп-өркендеуі жолында аянбай еңбек етіп жүргендер Жетісу облысы әкімінің Алғыс хатымен, Жетісу облыстық мәслихатының Құрмет грамотасымен, Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Жетісу облысы бойынша департаменті басшысының Алғыс хатымен, аудан әкімінің Құрмет грамотасы мен Алғыс хатымен марапатталды.

Сонымен қатар жуырда өткен Жетісу облысының мемлекеттік қызметшілері арасындағы IV спартакиадасында қазақ күресінен, шахматтан жүлделі III орын алғаны Сарқан ауданы командасы Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Жетісу облысы бойынша департаменті басшысының және Жетісу облысының дене шынықтыру, спорт басқарма басшысының Грамотасын иеленді. Салтанатты шараны аудандық Мәдениет үйінің өнерпаздары әсем әуенмен әрледі.

Өз тілшіміз.

ДРОПЕРЛІК – «ЖЕҢІЛ ТАБЫС» ПА, ӘЛДЕ ҚЫЛМЫСТЫҚ ЖАУАПКЕРШІЛІК ПЕ?

Соңғы кезде Қазақстанда «дроपरлік» деп аталатын жағдайлар жиілеп барады. Бұл – ақша үшін немесе сыйақыға өз атыңызға банк картасын, электрондық әмиянды немесе SIM-картаны рәсімдеп, кейін оны бөгде адамдарға беру. Мұндай ұсыныстар көбіне интернет пен әлеуметтік желілерде «оңай табыс» ретінде таралады.

Алайда мұндай әрекет қылмыс болып саналады. Бұл карталар мен шоттар арқылы алаяқтық жолымен немесе басқа да заңсыз жолмен алынған ақша өткізіледі. Картаның иесі де қылмыстық схемаға қатысушы ретінде қылмыстық жауапкершілікке тартылады, тіпті бас бостандығынан айырылуы мүмкін.

Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының Құқықтық статистика және арнайы есепке алу комитетінің Жетісу облысы бойынша департаментінің деректеріне сүйенсек, дроперлік схемаларға көбіне жастар, студенттер мен жұмыссыздар тартыла-

ды. Сырттай зиянсыз көрінетін «қосымша табыс» іс жүзінде үлкен мәселе мен сот ісіне әкелуі мүмкін.

Департамент облыс тұрғындарын мынадай сақтық шараларын ұстануға шақырады:

– өз атыңызға банк картасын, электрондық әмиянды немесе SIM-картаны бөгде адамдар үшін рәсімдемеңіз;

– жеке деректер мен құжаттарыңызды бөтен адамдарға бермеңіз;

– күмәнді ұсыныстардан бас тартып, қажет болса полицияға хабарласыңыз.

Есіңізде болсын: «жеңіл ақша» үлкен қиындыққа ұласуы мүмкін. Өзіңізді, жеке деректеріңізді қорғаңыз және бұл туралы жақындарыңызға ескертіңіз.

А. МУСАНОВА,

Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының Құқықтық статистика және арнайы есепке алу комитетінің Жетісу облысы бойынша өтініштерді талдау және бақылау бөлімінің аға прокуроры.



ПРИНИМАЕМЫЕ МЕРЫ ПО ЗАЩИТЕ ПРАВ УСЛУГОПОЛУЧАТЕЛЕЙ

Одним из приоритетных направлений деятельности Департамента Агентства Республики Казахстан по делам государственной службы по области Жетісу является контроль за качеством оказания государственных услуг, поскольку данная сфера напрямую затрагивает права и законные интересы граждан.

В рамках государственного контроля Департаментом на постоянной основе проводится мониторинг качества оказания государственных услуг. По результатам контрольных мероприятий выявляются нарушения законодательства, связанные с необоснованными отказами, несоблюдением сроков рассмотрения заявлений и недостаточной мотивированностью принимаемых решений.

По итогам II квартала текущего года по принятым мерам реагирования восстановлены права более 125 услугополучателей.

К примеру, по государственным услугам «Приобретение прав на земельный участок в черте города республиканского значения, столицы, городов областного и районного значения», «Изменение целевого назначения земельного участка», а также «Прикрепление к медицинской организации» имели место факты непредоставления ответов на заявки услугополучателей в установленные сроки либо предоставлены с нарушением срока. После вмешательства Департамента все заявки на получение государственной услуги рассмотрены, гражданам предоставлены ответы.

В целях дальнейшего недопущения подобных нарушений в адрес государственных органов внесены рекомендации по усилению внутреннего контроля и повышению качества оказания государственных услуг.

Информируем, что в случае нарушения прав при получении государственных услуг граждане вправе обратиться в Департамент Агентства Республики Казахстан по делам государственной службы по области Жетісу по адресу: область Жетісу, город Талдыкорган, проспект Назарбаева, 75, либо по телефону: 8 (7282) 24-11-91.

БІРІНШІ БАЙЛЫҚ - ДЕНСАУЛЫҚ

МӘМС ЖҮЙЕСІНДЕ МЕДИЦИНАЛЫҚ КӨМЕКТІҢ САПАСЫ ҚАЛАЙ БАҚЫЛАНАДЫ, ПАЦИЕНТТЕРДІҢ ҚҰҚЫҚТАРЫН ҚОРҒАУ ҮШІН ҚАНДАЙ ЖҰМЫСТАР АТҚАРЫЛУДА ЖӘНЕ ХАЛЫҚТЫ МЕДИЦИНАЛЫҚ САҚТАНДЫРУМЕН ҚАМТУДЫ АРТТЫРУ БАҒЫТЫНДА ҚАНДАЙ ШАРАЛАР ҚАБЫЛДАНУДА? ОСЫ ЖӘНЕ ӨЗГЕ ДЕ СҰРАҚТАРҒА «ӘЛЕУМЕТТІК МЕДИЦИНАЛЫҚ САҚТАНДЫРУ ҚОРЫ» КЕАҚ ЖЕТІСУ ОБЛЫСЫ БОЙЫНША ФИЛИАЛЫ ДИРЕКТОРЫНЫҢ МІНДЕТІН АТҚАРУШЫ АРЫСТАНБЕК УТЕГУЛОВ ЖАУАП БЕРДІ.

— Арыстанбек Абилсеитович, МӘМС жүйесінде медициналық көмектің сапасы мен көлеміне бақылау қалай жүзеге асырылады?

Жетісу облысында медициналық көмектің сапасы мен көлеміне жүйелі мониторинг жүргізіледі. Бұл медициналық қызмет көрсету стандарттарының бұзылуын анықтауға және МӘМС қаражатының тиімсіз пайдаланылуының алдын алуға мүмкіндік береді.

Мониторинг нәтижелері бойынша көбінесе медициналық қызметтер көлемін негізсіз ұлғайту, емдеу құнын асыра көрсету, клиникалық хаттамаларды сақтамау, сондай-ақ медициналық құжаттаманы дұрыс рәсімдемеу сияқты бұзушылықтар анықталады.

Сонымен қатар, кешенді диагностикалық қызметтерді жеке процедураларға бөлу, жеткілікті клиникалық көрсетілімдерсіз зерттеулер тағайындау, сондай-ақ амбулаториялық деңгейде ем алуы мүмкін пациенттерді негізсіз ауруханаға жатқызу жағдайлары кездеседі.

Міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесінде медициналық көмектің сапасы мен көлеміне бақылау тұрақты және көпдеңгейлі негізде жүзеге асырылады. Әлеуметтік медициналық сақтандыру қоры көрсетілген қызметтердің бекітілген стандарттар мен клиникалық хаттамаларға сәйкестігіне мониторинг жүргізеді. Медициналық

көмектің негізділігіне, толықтығына және уақтылы көрсетілуіне ерекше назар аударылады.

Бұзушылықтар анықталған жағдайда қаржылық ықпал ету шаралары қолданылады, сондай-ақ анықталған кемшіліктерді жою және олардың қайталануына жол бермеу мақсатында медициналық ұйымдармен егжей-тегжейлі талдау жүргізіледі.

— Цифрландыру жүйені бақылау мен басқаруға қалай әсер етеді?

МӘМС жүйесіндегі процестерді цифрландыру медициналық көмекті қаржыландырудың ашықтығы мен тиімділігін айтарлықтай арттыруға мүмкіндік берді. Цифрлық шешімдер бақылауды автоматтандыруды қамтамасыз етіп, сәйкессіздіктерді жедел анықтауға және қолданыстағы нормативтік талаптарға сәйкес деректерді талдауға мүмкіндік береді. Бұл өз кезегінде адами фактордың әсерін азайтып, жүйені неғұрлым объективті әрі басқарылатын етеді.

Басты міндет – әрбір азаматқа сапалы, қолжетімді және уақтылы медициналық көмек көрсетілетін әділ денсаулық сақтау жүйесін қамтамасыз ету.

Пациенттердің мүддесі үшін МӘМС жүйесінің тиімді жұмысын қамтамасыз ету мақсатында бақылау, қаржыландыру және халықты ақпараттандыру тетіктерін жетілдіру жұмыстары жалғасуда.

— Егер азаматтар медициналық көмектен бас тарту немесе сақтандырылған тұлға ретіндегі құқықтарының бұзылуына тап болса, не істеуі керек?

Медициналық көмектен бас тартылған немесе сақтандырылған тұлғаның құқықтары бұзылған жағдайда азаматтар ең алдымен медициналық ұйым жанындағы Пациенттерді қолдау қызметіне жүгінуі қажет.

Әрбір емханада жұмыс істейтін Пациенттерді қолдау қызметіне (бұдан әрі — ПҚҚ) жүгінуге болады.

Тұрғындар өтініштер мен шағым-



дарды келесі арналар арқылы жолдай алады:

- msqory.kz сайты;
- Qoldau 24/7 мобильді қосымшасы.

Сондай-ақ медициналық көмек алу мәселелері бойынша кеңесті:

- 1414 байланыс орталығы арқылы;
- Жетісу облысы бойынша Қор филиалының 8 (7282) 50-90-08, 55-90-06, 55-90-13 нөмірлері арқылы алуға болады.

Барлық өтініштер міндетті түрде қаралады және құқық бұзушылық фактісі расталған жағдайда пациенттің құқықтарын қорғау және қажетті медициналық көмекті алуын қамтамасыз ету бойынша тиісті шаралар қабылданады.

— Халықты МӘМС жүйесімен қамтуды кеңейту үшін қандай шаралар қабылдануда?

Бұл – жұмыстың басым бағыттарының бірі. Мемлекет басшысының тапсырмасы аясында өңірде міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесімен қамтуды арттыру шараларын үйлестіретін өңірлік штаб құрылған.

2026 жылғы 10 маусымдағы жағдай бойынша облыста 99 499 сақтандырылмаған азамат тіркелген. Мамыр айының басымен салыстырғанда олардың саны 11 055 адамға артқан. Бұл жағдай ақпараттық-түсіндіру жұмыстарын күшейтуді және халықтың әрбір санатына жеке тәсіл қолдануды талап етеді.

Өңірде халықты МӘМС жүйесімен қамтуды кеңейту бойынша жүйелі жұмыс жүргізілуде. Ол халық арасын-

да ақпараттық-түсіндіру жұмыстарын жүргізуді, жұмыс берушілермен және жергілікті атқарушы органдармен өзара іс-қимылды, сондай-ақ әлеуметтік осал санаттағы азаматтарды анықтап, жүйеге тартуды қамтиды.

Сақтандырылмаған азаматтардың үлесін азайту мақсатында деректерді өзектендіруге және жарналарды төлеу рәсімдерін жеңілдетуге ерекше назар аударылады. Сонымен қатар, тұрғындарға МӘМС жүйесіндегі сақтандыру мәртебесін жедел тексеруге және қажетті ақпаратты алуға мүмкіндік беретін цифрлық сервистер белсенді дамытылуда.

— Денсаулыққа қамқорлық жасау және МӘМС жүйесіне қатысу тұрғысынан Жетісу облысының тұрғындарына қандай тілек айтасыз?

Ең алдымен облыс тұрғындарына өз денсаулығына жауапкершілікпен қарап, профилактикалық тексерулерден уақтылы өтіп тұруды тілеймін. МӘМС жүйесі әрбір азамат қажетті жағдайда қолжетімді әрі сапалы медициналық көмек ала алуы үшін құрылған.

МӘМС жүйесінің қатысушысы болып, өзіңіздің сақтандыру мәртебеңізді бақылап, қажет болған жағдайда оны уақытылы өзектендіріп отыру маңызды. Денсаулыққа қамқорлық жасау – мемлекеттің де, азаматтың да ортақ жауапкершілігі.

«Әлеуметтік медициналық сақтандыру қоры» КЕАҚ Жетісу облысы бойынша филиалы.

Осыдан жарты ғасыр бұрын Талдықорған облысы Бөрлітөбе аудандық газет редакциясының есігін жүрексіне ашып, содан бері баспасөзбен біте қайнасып келе жатқаным айналама аян.

Ардақ тұтып атыңды ерте жаттадым, Саған қарай ұшты өлең - хаттарым. Есімімді көрдім алғаш бетіңнен, Өз газетім - мақтаным,- деп алғашқы жазбамды жарияға жар салып жарыққа шығарған газетіме сүйіспеншілігімді өлеңмен өрнектегенім есімде. Қай жерде жүрсем де жүрек қалауымен таңдап алған мамандығың жаныңа қуат беретінін, жігеріңді жанып, көңіліңе шуақ себетінін бір адамдай сезінгенімді жұртшылықпен жиі бөлісемін.



жауқазындары» жыр жинағына өлең топтамаларым енді. 1989 жылы жас ақын-жазушылардың республикалық кеңесіне қатысып, белгілі ақындар Сәкен Иманов, Исрайыл Сапарбаевтардың секциясында өлеңдерім талқыланды. Сол жылы осы ұстаздарымның сәт-сапарымен шығармаларым «Лениншіл жас», «Алматы ақшамы», «Жас қазақ» газеттерінде жарық көріп жатты. Араға жылдар салып оннан астам жыр жинағым оқырмандар қолына тиді. Қазақстан Жазушылар одағының Халықаралық «Алаш» әдеби сыйлығына ие болдым. Осының бәрі қасиетті қара өлеңді қадірлей білгендігімнің айғағы.

1991 жылы «Балқаш өңірі» газетінің редакторы болып тағайындалдым. Партияның соңғы тынысын сезіне жүріп, сол жылдың кешіеу күзінде тәуелсіздік алған еліміздің бүгіні, болашағы жайында талдау материалдардың бірқатары біздің қаламымыздан туды. Өтпелі кезеңнің қиындығына мойымауды үндеген мақалаларымыз аз болған жоқ. Сол кезеңнің кемшілігін жазғанымызға арқау еттік, кемел келешектен үміт үзген жоқпыз.

Дегенмен 1997 жылғы қысқарту кезінде алдымен ауданымыз, араға айлар салып облысымыз тарады. Соның алдын-

ҚАДІРЛЕЙ БІЛЕР ҚАЗЫНАМЫЗ

Алдымен жазу өнеріне қызығушылығымды оятқан мектептегі жылдарымнан бастаймын.

Түркісіб теміржолының бойында Жетісу мен Сарыарқаның ортасында орналасқан Ақтоғай деген елдімекен бар. Кезінде Алакөл, Бөрлітөбе, кейіннен Аякөз аудандарына қараған осы теміржол стансасының бастан бағы тайып көрген жоқ. Шығыстан Батысқа, Солтүстіктен Оңтүстікке сапар шеккен поезддар бір дамылдамай өтпейтін тоғыз жолдың торабы бұл. Осы жерден Балқаш қаласы арқылы Астанаға, Достық стансасына арнайы апаратын теміржол салалары салынған.

Поселкедегі екі мектептің бірі ауданға, бірі теміржолға қарайтын. Біздің мектеп № 250 Ақтоғай теміржол мектебі деп аталатын. Директорымыз КСРО Жазушылар одағының мүшесі Мұқатай Иманбаев. Сол мектепте қазақ тілі мен әдебиетінен дәріс берген Кәбира Разбекова, Жәмике Ахметова және білікті математик әрі ұзақ жыл оқу ісінің меңгерушісі болған Зүбәжат Бұланова шәкірт қабілетін түсіне білетін зерек ойлы зерделі ұстаздар ретінде жаныма ұялап қалыпты. Тіршіліктегі шектеулі ғұмыры таусылып, қабірстан тұрғынына айналған осы ұстаздарым өлеңдегі аяқ алысыма сәт-сапар тілейтін. Әдебиетке сүйіспеншілігімді байқаған Жәмике апай сол кезде қолыма түсе қоймайтын кітаптарын ұсынатын. Кәбира апай әдебиет – ардың ісі екенін жалықпай айтып, өзі пір тұтатын жазушылар өмірінен аңызға бергісіз әңгіме шертетін. Ал Зүбәжат апай болса әлі қанаттана қоймаған балапан өлеңдерімнің өзіне ұнаған тұстарын мектеп деңгейінде насихаттайтын. Алғаш мектеп радиоторабынан осы кісінің қолдауымен өлең оқығаным есімде.

Бөрлітөбе топырағы менің қаламымды ұштаған құтты мекен. Аудандық газетке келуіме 1973-78 жылдары аудандық оқу бөлімінің меңгерушісі болып қызмет атқарған Мұқатай Иманбаев игі ықпалын тигізді. Бұған дейін мен оқыған Ақтоғай стансасында № 250 мектепте директор болған Мұқатай аға ауылға бір келген сапарында оқуға түсе алмай елде жүрген маған редакцияға жұмыс істеуге кеңес берді. Ауданға барған соң сол кезде жазушылығы мойындалып үлгерген Мұқаңмен жиі сұхбаттасып, жазғандарым туралы пікірлерін естуге асығатынымын.

1976 жылы мектеп қабырғасынан бастап тығыз байланыс орнаған аудандық «Балқаш өңірі» газетіне қызметке шақырылдым. Редакторымыз Асхат Ибрагимов сол жылдың күзінде Көксу ауданына қызметке ауысты да жауапты

орынға талдықорғандық журналист Есбол Қуанышев отырды.

Ес-ағаң талапшыл, мінезі жылдам адам екен. Ол газеттің оперативтілігін арттырды, хабар жанрын жүйелі пайдалану арқылы аудан тынысын жан-жақты қамтуға мүмкіндік тапты. Бар-жоғы 4 жыл қызмет атқарғанда газет сапасын жақсартып, редакцияға дербес үй алып берді. Бірақ мінезінің шапшаңдығы өзгеге тұрмақ редакция ұжымына ұнамады, үстінен жоғарғы органдарға арыздар жолданып жатты.

Редакцияда қызмет атқарған журналистер, техникалық қызметкерлер ел есінде қалды. Редактордың орынбасарлары Асылбек Әлсеров, Борис Чепцов, Тілеукен Бекбосынов, журналистер Гая Бекбосынова, Татьяна Михайлова, Тоқтар Байтілеуов, Болат Жұматаев, Омар Бәкіров, Тұрлыхан Кәрім, Төлеухан Аязбаев, Күләш Байтілеуова, Роза Спанова, Бақыт Абдрахманова, Қуат Қайранбаев, Рахат Ысқақова, фототілшілер Виктор Ардашов, Қайырхан Индикеев және басқалар оқырмандардың есінде болар. Аптасына 3 мәрте Бөрлітөбе аудандық «Балқаш өңірі - Прибалхашье» газетін (қазақша 3, орысша 3 басылымды) мерзімінде шығарып отыратын аудандық баспахана ұжымын айтпай кетуге болмайды. Баспахана директоры Бельц Федор Константинович баспахана техникаларын өзі жөндеп, қатарға қосатын. Күн-түн демей аудандық партия комитетінің басылымын кешіктірмейтін линотипискалар Берікболова Нүриле, Тілеулинова Дина, Алешкина Людта және Алиева Қарлығаш бастаған беттеуші қыздардың еңбегі арқасында оқырмандар газеттерін уақытында алатын.

Газетте қарапайым тілшіден бастап, жауапты хатшыға дейін көтеріліп, жоғары білім алуды мақсат тұттым. 1977 жылы өндірістен қол үзбей жүріп, қазақтың С.М. Киров атындағы Мемлекеттік университетіне сырттай оқуға түстім. 1979 жылы осы оқу орнының екінші курсына іштей оқитын болып ауысып, 1983 жылы дипломды журналист болып өзіме жолдама берген аудандық газетке оралдым.

1980 жылы жазғы практика жолдамасын Бөрлітөбе аудандық газетіне алғаным есімде. Журналистика факультетінің үшінші курсына көшкен кезім, көшелі дүние жазуға дайындығым бар-ау деген мықтымсуда жоқ емес. Әріптестерім құшақ жая қарсы алды. Өзгерістер де бар көрінеді. «Балқаш өңірі» газетінің редакторлығына тағайындалған Болатхан Ахметұлы бұған дейін партия орындарында лауазымды қызмет атқарған

тәжірибелі жан еді, ұжымды бірден баурап алыпты. Ол жылдары ҚазГудің студенті болсам да редактордың ақылымен жазғы үш ай демалысты үйренген газетімде штатта тұрып, өткеріп жүрдім. Сол кезден бастап Болатхан аға ұстазыма айналды, білгенін үйретіп, аудан жылнамасын жазуға құлшындырды. 1985 жылы «Балқаш өңірі» газетінің 50 жылдығын атап өтерде бізді Алматыға архивке іссапарға жіберді, өзі де тынымсыз ізденді, көптеген тұлғалар туралы толымды мағлұматтар алдық. Газеттің бұрынғы редакторлары, қызметкерлері туралы мақалалар баспасөзде жүйелі жарияланып жатты. Газет ардагерлері Есет Есболатов, Жұмабек Қалиасқаров, Мұғалімбай Жылқыайдаров, қырыншы жылдардың соңындағы аудан комсомолының жетекшілерінің бірі Рақымбай Мамырбековтармен диалогтасып, сұхбаттастық.

Сол жылдары редакцияның материалдық базасы да нығаю түсті. Іссапарға бұрынғыдай өзгелерге мінгеспей-ақ өз көлігімізбен шығуға жағдай жасалды. Жазғандарымыздың нәтижесі көрінді. Кемшіліктерді жасырмай айтқан сын мақалаларымызға дер кезінде жауап беріліп, олқылықтардың орнын толтыруға жол ашылды. Тіпті мораль тақырыбына жазған мақаламыздың кейіпкері сот залында отырды, пәтер бөлуді өз қолына алған басшы туралы жазылған сын мақаладан соң билікке құмар бастық лауазымынан айырылды. Бірыңғай сынмен шұғылданбай өміріміздің күнгей тұстарын көбірек жазғанымыз жұртқа аян.

Кадрларымыз да өсіп жатты. Тиянақтылығымен танылып, біліктілігімен бағаланғандар аудандық партия комитетіне қызметке алынды. Облыстық газет аттай қалап алған журналистеріміз де бар. 1987 жылы редактордың орынбасарлығына тағайындалдым. Журналистік еңбегім лайықты бағаланып, өзім мүшесі болып табылған КСРО Журналистер одағының дипломымен, «Коммунистік еңбектің екпіндісі», «Социалистік жарыстың жеңімпазы» төсбелгілерімен марапатталдым.

Қаламынан журналистік жазбалармен қоса көркем дүниелер де туып, Талдықорған өңіріндегі қаламдастар арасында танымал бола бастадым. 1987 жылы «Жалын» журналында шыққан өлеңдеріме аты айналасына танымал болып қалған талантты ақын Есенғали Раушанов оң пікір білдірді. Комсомолдың 70 жылдығына арналған мүшәйраға қосқан өлеңім топ жарып, «Лениншіл жас» газетінің дипломын алдым. «Жалын» баспасынан жарық көрген «Жетісу

да аудандық мәслихаттың хатшысы болып сайланғандықтан тараған ауданның қам-қаракетінің ішінде жүрдік. Жұмыс таппай сенделген көптің мұң-наласын түсіндік. Бұрынғы аудан аумағы іргелі Сарқан ауданына қосылғандықтан келешек қызметіміз де сол өңірден бұйырды. Біржарым жыл аудандық ішкі саясат және әлеуметтік сала бөлімінің меңгерушісі болып, 1998 жылдың күзінде Сарқан аудандық «Сарқан» газетінің тізгінін ұстадым.

Кеңес кезінде «Путь Ленина» деп аталған аудандық газет бір-ақ тілде – орыс тілінде ғана шыққан екен. Бастауын 1933 жылдан алатын бұл басылымға кезінде Сысоев, Гурин, Шестопалов, Лунин, Г. Головачев, Ф. Немудров, Ю. Нараевский, А. Романчук, А. Гребенников, А. Әлмесов, М. Швец редакторлық етіпті. Алпысыншы жылдардағы реформаға сай 1962 жылдан 1963 жылғы сәуірге дейін газет «Ленин жолы» деген атаумен қазақ тілінде шығып, Әбу Бөнебаев, Майнұр Қоңырбаева газетке басшылық жасапты. Тәуелсіздік қарсаңындағы жылымық әсер етіп, 1989 жылы газет екі тілде «Ленин жолы-Путь Ленина» атауымен шыға бастайды. Жариялылық лебі әкелген осы қос тілді басылымға ұлтжанды азамат ақын Жамау Бұхарбаев басшылық жасайды. Кейіннен «Сарқан» атауын алған газетке А. Рахметов, 1997 жылдан Б. Бисұлтанов басшылық жасады.

1998 жылдан бері газет жұмысына жетекшілік жасап келемін. Аудандық өкімдіктің қолдауымен жарық көрген газет жекешелендіру науқанын бастан кешсе де заман талабына сай оқырмандар сұранысына жауап беретін ақпараттық-танымдық басылымға айналуды басты мұрат тұтты. Осы мақсат үдесінен табылып, мемлекеттік тұрғыдағы өміршең бастамаларды насихаттап, еңбек адамдарының тұлғасын қалыптастырып, уақыттан қалмауға талпыныс жасаудамыз. Ол үшін өткеннен алар өнеге бар, келешекке кіріспе болар тәуелсіз еліміздің қарышты қадамы бар. Қалам қарымы осы мақсатқа жұмсалады.

«Сарқан» газетінің қалыптасқан ұжымы бар. Жыл сайын шығармашылық байқауларда топ жаратын журналистеріміз бар. «Ерен еңбегі үшін» медалімен марапатталып, «Қазақстанның Құрметті журналисі» атанып, «Ақпарат саласының үздігі», «Үздік өлкетанушы» төсбелгілерінің өңірімде жарқырағаны елу жыл бойы қаламыма қуат берген қалың оқырманның тілек-батасы деп сезінемін.

Жомарт ИГІМАН,
Қазақстанның Құрметті журналисі.

Сол күндерді сағынамын, алаңсыз күндерді... Сендерді сағынамын, он сегіз бен жиырма бестің арасында арман қуған ақ көйлек курстас достарым.

Мектепті бітірген соң екі жыл қатарынан ҚазМУ-ге келіп бақ сынадым да жаңадан ашылған Бөрлітөбе аудандық «Балқаш өңірі» - «Прибалхашье» газетіне аудармашы болып қызметке орналастым. Мұнда тілші, аға тілші, бөлім меңгерушісі, жауапты хатшы баспалдақтарынан өтіп, келесі 1977 жылы өзім армандаған оқу орнының сырттай бөліміне түстім. 1979 жылы екінші курсты қорытындылап, күндізгі бөлімге ауысуға талпыныс жасадым. Сол жылы С.М. Киров атындағы Қазақ Мемлекеттік университетінің ректоры Өмірбек Жолдасбековтың бұйрығымен журналистика факультетінің екінші курсының 202-тобының студенті болып шыға келдім. Менің әңгімемнің арқауына айналып отырған Темір, Мақсат, Мақсаттарды алғашқы кезден бастап жаныма жақын тұттым да, келесі үшінші курста бір жыл осы жігіттермен пәтерде тұрып, жастық шақтың қызығын бірге өткіздік.

Бұл күнде осы үш азаматтың үшеуі де тірлік сапарын шектеп, сағынышқа айналып кетті.

Темір Құсайын. Пікірлес адамдар бас қосқанда студенттік шақ туралы айтқымыз келіп тұрады. Сондайда өзіміз куә болған курстас дос Темірдің серілігі, Мақсат пен Мақсаттың Темкең туралы аңызға бергісіз әңгімелері тілге тиек болады. Қиыстырып жеткіземіз. Айналамыз күлкіге қарық. Тыңдаушылар арасында «өтірікті шындай, ақсақты тыңдай» етіп айтып отырған жоқ па екен деп сенімсіздікпен қарайтындары да бар.

Біздің топтың ақсақалы Темкең дүниеге менен бір жыл бұрын келіпті. Жайық бойынан, Казталовка ауданынан. Мен көргенде жиырмадан еркін асқан кезі. Бойдақ. Өз айтуынша жасында әнші болуды, консерваторияға түсуді армандаған. КазГУ-дің геофагінде оқыған. Оның журналистикаға келуін кураторымыз Тұрмтай апай бізді қызықтыра отырып әңгімелейді:

«Орал облысына ректордың тапсырмасымен шалғайдағы талапкерлерді оқуға шақыру мақсатында барғанмын. Бір күні мен түскен үйге осы курстастарың келді.

«Апай,-дейді ол. — Сіз іздеген болашақ журналистпін. Өзімді таппай жүр екенмін. Мені тізімге алыңыз.

Осындай өжеттігі бар. Лекцияға біз сияқты артынып-тартынып, кітап-дәптер салынған дипломатпен, папкімен келіп көрген емес. Қалтасында кімнен алғаны белгісіз бүктелген дәптер болады. Ол пән жатырқамайтын дәптер. Темкең лекторды мұқият тыңдап, жазған болып отырады. Ойы, мүмкін, Алматының ару қыздарға толы жатақханаларында.

Сессия кезінде дүрлігіп кітапхана мен жатақхана арасын жол қыламыз. Темкең саспайды. Шашын салалы саусақтарымен кейін қарай тарақтап қойып, ертеңгі емтихан туралы пікір алысқан қыз-жігіттер бөлмесінде кезекті білімпаздың аузына құлағын тосады. Емтихан алушының қабағы өзіне салқын болған жағдайда КазГУ-дегі белгілі профессорлардың бірін қолтықтап келіп, соның беделімен баға алып кететін талантына қызыға қарайтынбыз. Үлкен-кішімен тіл табысуға келгенде өз басым Темкеңнен асқан дипломат көрмеппін.

Темірдің жолдас дегенде жанын суырып беретін жігіт екендігін курстастарының қай-қайсысы болмасын сүйсіне әңгімелейді. Бұл туралы Мақсат Тәж-Мұраттың «Жалғыз-ақ

палуан өнері» атты эссесінде достық рәуішті лебізі көптеп беріліпті:

«-Жуырда ғана операция жасатып, соқырішегін алдырған Темір қара дипломатын құшақтаған күйі Алматыдан жылдам қозғалған поезға үлгере алмай аңырып, вагонда улап-шулап тұрған бізге қол бұлғап қала берді. Мәдина екеуіміздің бас біріктірген тойымызға аттанған топтың ішінен поездың тез жүріп кеткеніне, әсіресе, Рысбек пен Мақсат қатты қамықты. Темірдің қолындағы қара дипломатқа мұқият салынған әлгі бата жүрмейтін көкмойындарды жоқтап, екеуі Отардан асқанша жон арқаларына кірпі ауағандай мазасызданумен болды.

Сөйтіп тойымыз сабақтас топтың ағасындай, жағасындай Темірсіз өтуге айналды. Ол кезде той-томалақ үш күнге созылатын. Алғашқы екі күнде «жақ біткеннің шешені» Темкеңнің орны ойсырап-ақ тұрды. Бұған да үйрене бастағанбыз, үшінші күнге ауғанда кенет темір жол бекетінен телефон соғылды.

-Азып-тозған, жақ жүні үрпиген біреу поездан түсіп, сіздерді сұрап тұр,-деді вокзал кезекшісі дауысына күдік араластырып. Тойшы жігіттер дереу машинамен алып келді. Темір !!! Үш күндік жол азабынан, ақпанның алақаншық боранынан ыпыны қашқан, басында – астары жоқ жаман бөрік. Сөйтсе, біздің Темкең сонада поездан қалып қойғаннан кейін неде болса тойшы қауымды қуып жетпекке бел буып, Татаркадағы жалдамба пәтеріміздің иесінен бөрік тауып (Алматының жұмсақ қысын Темкең бас киімсіз өткізетін), тағы бір танысынан шамалы ақша алып, жолға шыққан ғой...

Кейін мен «сол жолы Темкеңнің орнында болсам, қайтер едім?» деген сұрақты өзіме қойып көрдім. Құдайшылығын айтайын, қақаған қыста, көк тиынсыз, жалғыз өзім бір той үшін айшылық алыс жолға шығып кетуге жүрегім дауаламайтынын іштей қысыла тұрып мойындадым».

Міне, Мақсат Тәж-Мұрат басын күн шалған күні де, бұлт алған күні де қасынан табылған сирек досының адалдығын жазып, кейінгіге қалдырыпты.

Жыл дегенің жылғадан аққан су сияқты алға ентелеп барады. Университет бітіргенімізге жиырма жыл, қырық

жыл толғандағы кездесуіміздің ажары болды Темкең. Кезінде Мақсаттың, Айтқадырдың елу жасқа толған мерейтой салтанатында бірге болдық. Темкеңнің алғырлығының, ілкімділігінің жылдар өтсе де бір мысқал кемімегеніне ана жылы Оралға Мақсоттың ұлы Думанның үйлену тойына барғанда тағы да көзіміз жетті.

Сайраш екеуімізді поездан қарсы алған Темкең машинаға отырарда:

-Жөке, Сәке, Сіздерді менімен бірге Қазақстан Республикасы Мемлекеттік сыйлығының лауреаты, Орал драма театрының бас режиссерінің өзі қарсы алып тұр,-деді өзіне тән салтанатты үнмен.

Сөйтсек бас режиссер көршісі екен. Сөз арасында ол кісі де өзі танытын Темкеңнің адами қасиеттерін тізбеледі. Шын мәнінде Темірдің жүйелі лебіздеріне, орынды қолқасына бас шұлғымау мүмкін емес еді.

Мың естігеннен бір көрген артық. Сол сапарда Темкеңнің зайыбы Қоңыршамен жүздестік, қолынан дәм таттық. Темірұлы Қуанышқа да ақ тілегімізді ақтардық.

Сол күні кешкі тойға дейін Оралдың тарихи орындарымен таныстық. Тойдан соң Ақ Жайық жағасындағы демалыс орнының қонағы болдық. Қолдарында әлеуметтік-сауықтыру нысандары бар ағалары тарапынан Темірдің адресіне айтылған оң пікірлерді естігенде төбеміз көкке жеткендей қуандық.

Темір Құсайын ұзақ жыл «Егеменнің» Орал өңіріндегі меншікті тілшісі болды. Соңғы жылдары бас газеттің Ақтөбедегі меншікті тілшісі болып қалам қуатын республика көлеміне танытты. Өмір кейде сиясы таусылған қалам сияқты мезгілсіз шектеледі. Арамыздан Темір кеткенде өмірдің жалғандығына тағы да иланып едік.

Мақсат Ізімұлы. Бір көргенге өңі суық, мінезі ауыр. Жақын аралассаң достыққа адал, ағайын-туысқа жанын беруге даяр азаматты танысың. Ер мінезді. Жақсы көрсе құлай беріледі, көңілі қалған адамның насыбай шақшасына дейін жек көреді. Қайта қайырылуы қиын.

Ізімұлымен бізді тағдыр тоғыстырды. Сол сексенінші жылдардан бері қай жерде, қай салада жүрсек те хабар-ошарымыз үзілген жоқ.

Университеттен соң мен үйреншікті

аудандық газетіме бардым да ол Орал облыстық газетіне жолдама алды. 1989 жылы Алматыда жас ақын-жазушылардың слетінде басымыз қосылды. «Қазақстан» қонақ үйіндеміз. Күндіз ол проза, мен поэзия секциясына бөлінеміз, кешкілік қонақ үйдегі бөлмеміз баяғыда бірге тұрған пәтеріміз сияқты келімді-кетімді меймандармен ажарланып сала береді. Оңашада Алматыда қалуға бел байлап келгенін айтты. Есенғали «Зердеге» шақырыпты.


Ол Алматыда отбасылық жатақханада тұрды. Отбасын алып келді. Райса келін ерін сыйлай білетін көргенді жердің қызы екен. Онда Думан мен Дастан кішкентай, құлдыраңдап жүгіріп жүреді. Алматыға жолым түскенде міндетті түрде Мақсотпен дидарласуға уақыт табамын. «Теміржолшы», «Заң» газеттерінде, Қазақ энциклопедиясында өзіндік ізін қалдырды, жекеменшік баспа ашты. «Теміржолшыда» жүргенде Премьер-Министр Терещенкомен сапарлас болып Қазақстан-Қытай шекаралық аймағының ашылу салтанатына қатысты. Осы сапардан оралғанда Лепсіде бір-ер күн аялдап, ішқырындымызға дейін ақтарып, таңды таңға ұрып сырласқанмыз бар.

Ол өзін-өзі қамшылап, дүниетанымын кеңейтіп, қолға алған тақырыбының иін қандыру үшін қажетті әдебиетті жүйелі түрде оқудан жалықпады. Көп біледі, арғы-бергі дүниеден хабары мол, екі тілге бірдей сауатты. Ана жылдары заң терминдерін аударып, құқықтанушылар мен осы сала қызметкерлері үшін пайдасы өте зор кітап шығарды. Сол кітапты кейінгі кезде мен өзім танитын заңгерлердің жұмыс үстелдерінен көрдім. Ал 1998 жылы Ақпарат және қоғамдық келісім министрлігінің бағдарламасы бойынша шығарылған «Аяқталмаған әңгіме» жинағын оқығандар әдебиетке жан-жақты дайындықпен келген талантты жазушының туындыларын іздеп жүретін болды. Асыра айтқаным емес, мұндағы бес әңгіме мен екі хикая құнарлы тілімен, тартымды сюжетімен айналайын ауылдың ақпейіл адамдарымен дидарластырып, олардың алдап-арбауды білмейтін әдемі әлеміне еріксіз жетелеп әкетеді.

Мақсоттың «Аяқталмаған әңгіме» атты кітабына алғашқы болып Мақсат



сол бір кез



Тәж-Мұрат пікір білдіріп еді:

«Реті келді, айта кетейік, Мақсоттың жазушылық сөз өрнегі аса құнарлы. Базбір автордың лұғаты не шала жауған бұршақ сияқты оқта-текте жылт еткізумен тынып, не сирек сөз орамдарын орнын таппай баттастыра беру боп келсе, Ізімұлы тілінің құнары әңгіменің жалпы стиліне татаусыз кірігіп, тіпті өзіндік мәнер-қолтаңбаға айналып кетеді. Әдетте мұндай ерекшелік сөз баққан елдің баласына тән. Оның өзі де тілге әдейі уақып болумен қатар сонау жас шағынан халық тілінің айдынына еркін жүзіп, тұнығынан қанып ішуден туады. Халықтық тілден үйрену деген, бірақ блокнотқа сөз теру ғана емес. Ең алдымен ол болашақ жазушы бастан өткерген өмір университетімен де айқындалады. Бағы ма, соры ма, кім білсін, әйтеуір тағдыр Мақсотты маңдайынан үнемі сипай бермеген тәрізді. Күнұзақ шалғы мәшинесінің тіркемесінде отыратын ақ иық мігірсіз күндер, сонан соңғы өмір аязының алдыңғы лебіндей интернат, жалғыз сөмкені арқалап университетке екі келген талап жылдары... жазушының өзі бастан кешкен осы өмір тауқыметінің көпшілігін әңгімелерінен қазқалпында табамыз», - дейді Мақсат «Шындықты бірге іздескен» атты қаламдас туралы мақаласында.

Мақсот дос «Астана ақшамында» әдеби редактор болып жүргенде, мен ауылда жатып, Астананың тыныс-тіршілігімен кеңінен танысуға мүмкіндік таптым. Менің мекен-жайыма пошта арқылы сол газеттің жүйелі түрде келіп тұрғаны досымның пәрмені екен.

Мақаңның тұңғышы Думан үйленді. Жолдамамен өздері дүниеге келген Оралға барған дәрігер баламыз, тойын Оралда өткізеді екен. Жақсы хабар жетісімен, Сайраш екеуіміз Батыс Қазақстанның орталығына аттандық. Темкең достың қарсы алғанын алдыңдағы естелігімде айтқанмын. Сол жолы Мақсоттың жаңа құдаларымен танысып, ақ пейілімізді ақтарып қайтқан болатынбыз.

Ол жалғыз емес еді. Немерелерінің тәтті қылығын айтатын. Іштегі сырын ақтаратын ақ қағазы жанында, қаламы қолында болды. Айтып айтпай не керек, ғұмырының қысқа болғаны өкінішті...

Біздің жүрек үргедектеу
Дос көп еді...бірте -
бірте жоғалды.
Естігенде естен тана
жаздадым,
Суыт әрі суық мынау хабарды.

Тулады ма, жылады ма
жүрегім,
Кеше ғана тілдесіп ек...
тірі едің.
Көкірегіңде күн күлетін,
ашылсаң,
Мына өмірге құштар жанның
бірі едің.

Суық хабар жан - дүниемді қариды,



Ажал, сірә, аңғал жанды
ториды.
Үндес едік қым - қуыт бұл
жалғанда,
Кімге сеніп қалдырдың, дос,
фәниді.

Алғашқы аяқ алысыңмен таң
қылдың,
Сөз асылын іздеп таңды таңға
ұрдың.
Айшықты еді тырнақалды
жазғаның,
Мұраңды, дос, кімге сеніп
қалдырдың.

Бұл дүниенің алды шаттық,
арты мұң,
Бізден бұрын бардың енді,
ал тыным.
Жау боп өттің жалғандықпен
өлгенше,
Аярлардың еземін деп
алқымын.

Батыр шалыс адал әрі
аңғал жан,
Кезің аз ба адасқан һәм
алданған.
Қолды сілтеп кетуші едің
өкпелеп,
Қолды сілтеп баз кешіпсің
жалғаннан.

Өттің, өштің, балаларға
батады - ақ,
Ақылшысын жоғалтты олар
аса қат.
Қалды артыңда жазылмаған
әңгімең,
Қалды артыңда немерелер
аталап.

Сөйлесуші ек пейіл - көңіл
хошымен,
Қалмаушы едің уақыттың
көшінен.
Мақсот Ізім деген есім -
сойыңды,
Телефоннан қалай ғана
өшірем.

Қайда асықтың біразырақ
бөгелмей,
Жоқ дегенге көңіл шіркін
сенер ме ей.
Амал қанша, алаңдаумен
өтермін,
Мақсот досым алдан
шыға келердей

Мақсат Тәж-мұрат. Үшінші курста Атыраулық екі азаматпен бірге пәтерге шыққаным естелігімде қамтылған. Сол екеудің бірі — Мақсат Тәж-мұрат.

Өзін-өзі жаратып, бөйгеге қосылатын арғымақ сынды. Артық қырым еті жоқ. Сергек. Қолтығындағы папкасы қашан да қомақты. Сөзі кітабилау. Теңеулері тосын. «Сау сиырдың қиы емес» деп сөз тіркестерінің өзін әдейі өзгертіп қолданады. Жазбаларында кіл ескі сөздер өріп жүреді. Оны жазып қана қоймай ауызекі сөзге қолданып, бізді айран-асыр қалдырудан танбайды.

Адамның ойына келмейтін оқыс теңеулері бар. Бір ағайымыз лекциясын жаттанды ырғақпен бастап, өзіндік пікір айтар кезде аузын кеңірек ашып, көмейден айтар ойын ақтара алмай біршама уақыт бөгеліп қалады.

-Бұл кісі көп білетін болуы ке-

рек. Кеудесіне жинақталған қисапсыз білім өңешінен шыға алмай тұншығып қалады, - дейді Мақсат сыбырлап. Лықсып келіп қалған күлкімізді жасыра алмай үнсіз селкілдейтінбіз.

Мақсаттың сыралғы досы — Мақсот Ізімұлы. Бірге талапкер болып, бақтары жанып оқуға түскелі арасы ажырамай келе жатқан бұл аттас жігіттер бір өңірден. Қажайтыны да сол. Бастапқыда алғашқысының қалжыңына ыржалақтап отыратын Мақсот шымбайына батқанда дүрсе қоя береді. Мұндайда Мақсат тұтанып келе жатқан өртті өшіре салатын қабілетке ие.

Тәжімұратов сол жылдың ортасында үйленді. Өнес ағаны сол жолы көрдік. Нағашы жұртын білмеймін, біз білетін Мақсат әке топырағынан жаралыпты. Өнес ағаның байқағыштығы, қуақылығы баласының бойына көшіпті.

Соңғы курстарда «Социалистік Қазақстандағы» соңына М. Тәжімұратовтың қолы қойылған жанры әр алуан тартымды мақалаларды қызыға оқып жүрдік. Бәріміз де оның болашақтағы орны «СҚ» екендігіне шүбәсіз едік. Сол биіктен көрінді де. Бастапқыда «Білім және еңбекте» жүріп, армандай болған бас газетке келіп, сықиған материалдарға жан бітіргендер арасында менің курстас досым жүрді. 1987 жылы Мақсатты «Жалын» журналында жолықтырып, өлеңдерімді тапсырғаным есімде. Көп ұзамай Есенғалидың алғысөзімен жарық көрген сол топтамама маған басқалардан ыстық көрінеді.

Баспана қиындығын бір адамдай тартып жүріп пәтер алды. Қуанышына ортақ болып Алматыға барғанда үйінде болдым. Нұрқанатты «Ер Төстік» балабақшасынан алып келе жатып, қазақша тілі шыққан балдырғанның бал тілін қызықтағанбыз.

Жазғандарын қалт жібермейтінмін. Алған тақырыбын қамырша илейді. Ағартушы ақын Ғұмар Қараш туралы зерттеулері тың деректерге толы. Ғалымның ислам дінін терең зерделеген білімдарлығын, Ғұмартануға үлкен олжа салғандығын ғылыми орта мойындап та қойған. Мақсаттың жалпы алғанда біртұтас тарихи эсселері өткеніміз бен бүгінімізді толықтырады. Димаш Құдайберген жайында музыка зерттеушілерінің өзін таң қалдырған қомақты еңбегі Қытай баспаларында жатыр. Мәншүк Мәметова туралы қазақ және орыс тіліндегі кітаптары зор сұранысқа ие. Әдеби жанрға да қалам тартып, «Он бірінші ауылдың Павлик Морозовы» атты тақырыбы да мазмұны да тосын хикаятымен Қазақстан Жазушылар одағының мүшелігіне өтті.

Осы Мақсат дос та қимастарының соңынан бақиға жедел аттанып кетті. Амал нешік...

Мінді де ажал деген арғымаққа,
Курстас достар кетті арғы жаққа.
Білмеймін ерді ме екен,
сенді ме екен,
Мақтаған арғы жақты сандыраққа.

Алдымен Рысбек, Лес бауыр кетті,
Кенжебай, Талғар, Талғат,
Қадыр кетті.
Жалғаннан өтті Қайрош,Зәуре,
Мұрат,
Тебіреніп Темкең кетті қалың көпті.

Барлығы жер бесікке құндақталды,
Жасы да жанашырдың құрғап қалды.
Тірлікте бірге жүрген Мақсот, Мақсат,
Араға айлар салып бірге аттанды.

Із көрдім тұйықталып жалғанбаған,
Тәңірім ғұмыр берсін қалғанға аман.
Ажалдың мінген достар кемесіне,
Шыға алмай белесіне армандаған

Жомарт ИГИМАН,
Қазақстан Жазушылар одағының
мүшесі, Халықаралық «Алаш» әдеби
сыйлығының лауреаты.


•Сайын Мұратбеков - 90

Мен әжемді дүниедегі ең бақытты ананың бірі санайтынмын. Құрсағынан шыққан үш ұл, бір қыздан өніп-өскен өркеннің өзі бұл күнде кішігірім бір ауыл дерліктей боп қалды. Ең үлкені менің әкем – Көсембай колхоздың бас бухгалтері, ортаншысы – Әсембай колхоздың маңдай алды шопандарының бірі. Москва, Алматыдағы мәжіліс, көрмелерге жылына үш-төрт барып қайтады, кіші ұлы – Еселбай жоғары оқу орнын, одан кейін аспирантураны бітірген, ал кенжесі – Мәржапия үш ағасының арқасында маңдайынан ешкім қаппай бұла боп өскен, адуынды, ерке қыз. Жуырда ғана ауылдағы ең көрікті жігітке ұзатылды. Міне, әжемнің барар өрістері осындай. Ендігі бір аңсайтыны – шөбере сүю, тек әттең немерелері көмелет жасқа жетпей жатыр. Немерелерінің ең үлкені – мен он жетіге биыл ғана толдым. Әрине, он сегізге тола қалған күнде де үйлене қояйын деп жүрген мен жоқ. Бірақ әжемнің жатса-тұрса армандайтыны – менің тезірек ер жетуім.

– Жеңісбегімді аяқтандырып, осының бір шүйкебасын көрсем, – деп тілейді. Мен оның сөзін естімеген адамша қызараңдай күліп қана үнсіз құтыламын. Былай шыға бере ойға қаламын да іштей: «Әже-ау, көресің ғой әлі бәрін. Тіпті, мені қойып, биыл ғана мектепке барған Есеттің де шүйкебасын көрерсің әлі» деймін. Шынында да менің әжем әлі жас – алпыстың үшеуінде ғана, кәрілікке жемдірмеген, жүріс-тұрысы жинақы, пысық. Алайда, өлімге даярланғанына біраз жыл болды.

– Асқазанымның түбінде бір пәле бар, қанша жүргізер дейсің, алып тынады ғой, – деп қояды. Өзінің еншісіндегі үлкен қара сандықта әдемілеп бүктеп, қалампырлап салып қойған, сүйегіме салынады деген төрт су жаңа барқыт комзолы бар, ал атлас, шәйі, жібек көйлек дегендер бүкіл бір ауылдың кемпірлеріне үлестіруге жетерліктей. Амал не, әжем соның бірін кимейді. Ылғи бір арзан бұлдан тігілген көйлектер мен әкемнің етек-жеңі қырқылған ескі пиджагін киіп алып, ертеден қара кешке дейін салп-сұлт етіп үй шаруасынан қолы босамай жүргені. Бейнетқор-ақ адам. Қай баласының үйіне барса да басынан асқан үй шаруасына араласады да кетеді. Әкем колхоздың бас бухгалтері болса да, біздің үй қысы-жазы отынға бір жарыған емес. Ағаш отын арбалап келіп те жатады, бірақ жылан жұтқандай еш шақ келмейді. Сондайда әжем маған бір арбаны айдатады да, мал жайылған өріске барып күні бойы тезек тереміз, қурай орамыз, тобылғы шабамыз.

Әсембайдың үйіне барса, көзі жа-саурап күндіз-түні ескі қара машинаның құлағынан түспейді. Оның қара сирақ балаларына киім тігіп, ескі-құсқысын жамап-жасқап, кір-қондарын жуып есі шығады. Ал Еселбайдікіне барды дегенше, әжемді аяғынан таусылып күніне бір рет аудан орталығындағы дүкен атаулыларды аралап шықты дей бер. Қысқасы бір баласының үйінде жаны жәй тауып, рахаттанып отырған емес. Енді соңғы кезде Мәржапия да қыңқылдап, мазасын алып жүр. Аяғы ауыр, аман-есен босанса, әжемнің қолына барып тұруын жиі айтады. Мүмкін, осының бәрі де ана үшін бақыт шығар. Өле-өлгенше, қолынан келгенінше балаларына қол ұшын беруді әрбір ананың өзі-ақ тілейді-ау деймін. Өйткені, әжемнің көрші-көлем кемпірлерге: «Е, алла, осылардың құлы боп жүріп өлсем арманым бар ма!» – деп айтқанын талай естігем. Сондықтан мен әжемді дүниедегі бақытты ананың бірі санайтынмын. Әкем менімен кішкене күнімнен сырлас. Екеуіміз оңаша қалғанымызда, өткен-кеткенін айтып, ерінен жастай жесір қалып үш ұлын қалай адам қып өсіргенін әңгімелейтін. Мен әжемнің көрген бейнетіне, кереметтей төзімділігіне жаным да ашитын, сүйсінетінмін де. Сондайда, қолымнан келсе, әжемді үлде мен бүлдеге орап



АҚ СҮТ ИЕСІ

Әңгіме

тырп еткізбестен төрге төрт қабат көрпенің үстіне отырғызып қойсам деп арман ететінмін. Менің осы ойымды жақсы ұғатын әжем:

– Қозым, қозым... сенің осы айтқаныңның өзі-ақ маған үлде мен бүлде емес пе. Айналдым сенен! Басқа күшкітер тегіс жиылып бір төбе болғанда, сен өзің бір төбе емессің бе, маған, – деп еміренетін.

Сол әжем менімен биыл бұрынғыдан да гөрі етене сырласатын болды. Жазғы салым бір айдай Әсембайдың үйінде жатып қайтқаннан кейін, көзі кіртііп жүдеу тарта бастады. Ешкімге байқатпай жиі-жиі күрсініп, үйілейтінді шығарды. Ал кейде тіпті жүн тұткен боп отырып өзінен-өзі ешкімге көрсетпей көзінің жасын іркіп алатын.

Бір күні екі кештің арасында біздің үйге Мәржапия келді. Үйіндегі шаруасын істеп жүріп шығып кеткен беті болса керек, жеңін түріп алған, білегі қамыр-қамыр, алшалғышы ұн. Құмарта сағыз шайнап жүр. Әдетінше шолжаңдап кеп:

– Тәтемнің (менің шешемді «тәте» дейтін) не тәттісі бар екен, жеп кетейінші, – деп ас тұратын жерлерді тінте бастады. Онан төргі бөлмеге кірді де, шифоньерді ақтарды. Өлден уақытта сықылықтай күліп, қолтығына әлденені қыстыра шықты да:

– Тәтем іздемесін, міне біреусін мен алдым, – деді де жүгіре басып кетіп қалды.

– Екі кештің арасында неғып жүрсің, тағы несін әкеттің? – деп бажылдаған әжемнің сөзін құлағына ілген жоқ.

Біраздан соң жұмыстан шешем келді, кешкі тамақты ішіп болғаннан кейін әжеммен ақылдасқандай:

– Бүгін өзіме бір көйлектік зат алып едім, қалай тіксем екен? – деді де, төргі бөлмеге барып, шифоньерді ашты, астаң-кестең ақтарыстырып, ас бөлмеге қайта шықты.

– Сіз алып бір жерге қойған жоқсыз ба, әже?

– Жоқ көрмедім. – Бір пәленің бола-рын сезгендей әжемнің ұрты суалып, әжімді жүзі онан сайын қуарып кетті. .

– Не дейді?

Алма жеп отырған кішкене қарындасым мұрнын бір тартып қойып:

– Жаңа Мәжен тәтем бидеңе алды ғой, – дегені.

Сол сол-ақ екен шешем тас-талқан болды. Көзі шатынап, долданып, Мәржапияны көктен алып, жерге салды. Айтпаған сөз қалмады. Әкем жайлап қана:

– Жә, болда ғой, енді. Со бір төрт метр зат кісі құны емес шығар, – деп еді, шешем одан әрмен тулап кетті.

Әжем ләм деген жоқ. Бір-ақ уыс боп бүрісті де отырды. Түні бойы әлсін-әлсін естілер-естілмес күрсінумен, үйілеумен болды.

Ертеңіне күндегі әдетінше, қора маңындағы кепкен тезектерді жинап, түске дейін нан пісірді. Онан соң маған:

– Бүгін түстен кейін тобылғы шауып әкелейік, арба жекші, – деді.

Әжем екеуіміздің ең бір жақсы көретін сәтіміз – арбаға отырып отынға бара жатқан кез. Атты жәй ғана аяңға салып қойып, әжем екеуіміз нағыз тең-тұс сырластардай-ақ, қызу әңгімеге кірісеміз. Әжем мені ешуақытта жасынып, кемсітпейді, қайта медеу тұтқандай көңіліндегі назын айтып, шерін тарқатады.

Жаздың ми қайнатқан ыстық күні. Түс аптабы сәл қайта бастаған. Бірақ төңіректің бәрі аңызға салынып, зеңіп тұр. Шыбындап мазасы кеткен ат жай жүрсе де қара тер боп келеді. Әжем екеуіміз арба үстінде қол шатырды көлеңкелеп отырмыз. Алған бетіміз – Тереңсайдағы тобылғылы қия. Әжем сол Тереңсайдан жасырақ кезінде қалай тобылғы шапқанын әңгімелейді:

– Ол кезде балалардың бәрі жас, үйге қалдырып кететін кісі жоқ, үшеуін де күнде өзіммен бірге тобылғы шабатын жерге алып барам. Күніне бір арба тобылғы шабатынмын. Жігіттің жігіті ғана ілесуші еді маған. Кешкісін тобылғымды таудай етіп арбаға тиегенде (ондағы арба қандай), әлгі жігіттер: «Апыр-ай, Бәзилай, тобылғы шабу үшін жаралғансың ғой, сірә» деп қайран қалатын...

Тереңсайға да жеттік. Атты таудың етегіне доғарып, тобылғылы қияға да шықтық. Мен екі кетпенді иығыма салып алдына түстім де, әжем екі қолын артына қайыра ұстап, жайымен дем алып көтерілді.

Ендіге сөйлеп келеді:

– Шіркін-ай, өсіп кетіпті-ау... Сол жылдары тып-типыл ғып-ақ тастап ек.

Қияның тобылғысы шынында да бітік екен. Шетінен қамшыға сап болардай жуан, қызыл-күрең, адамның бойымен бірдей. Әр түбі бір арқа отын. Арасынан өтіп жүру қиын.

– Жеңісжан, міне, мына бір жерден бастайық. Баяғыда осы арадан мен, өне бір тұстан Зарқом марқұм, онан әріректен қазіргі мына сиыршы Исабай шал түсіп жарысушы ек... Бісімліл... Өйбұй,

Жеңісжан, мынау түсірің жеп-жеңіл екен ғой, алдыңдағы ауыр кетпенді бер маған. Өстімесе, іс өне ме, балам-ау? .

Әжемнің өңі жасарғандай, өзгеше бір жайнап шыға келеді. Ала-құла, бірі бар, бірі жоқ тістерін көрсетіп күледі. Алақанына түкіріп қойып, кетпенді

құлаштай көтеріп сілтей жөнелді. Кетпенді әр сілтеген сайын екі иінінен ыңқылдай шыққан «үһілеу» естіледі. Бірақ сол «үһілеудің» өзі әжемнің әр қимылына екпін қосып тұратын сияқты көрінеді. Әп-сәтте бір өзі үлкен арқа тобылғыны қопарып та тастады. Шаңытқан әжімді жүзінен айғыз-айғыз боп тер ағып, алқына кеп дем алуға отырды.

– Демінді ал, балам. Аса зорланба.

Екеуіміз енді қатарласа отырып, солығымызды басып, айран толы торсықтың аузын шешеміз. Әжем қыш-қылтым, салқын айранды тамсана отырып асықпай жұтады. Қой көзін маған мейірлене қадап:

– Қуатым менің, қозым, – деп кекілімнен сипайды.

Тобылғыны тағы да біраз шауып, дем алуға екінші рет отырғанымызда әжем маған сыр қылғандай іште жатқан бір әңгімесін бастады:

– Әлгі Әсембай сенің әкеңнің бетін көрмеймін деп ренжіп жүр, – деді торыққан үнмен, – Көсембай да оңбайды, сол иттің алашағына тиіп қайтеді екен десеңші. Осы жазда жүнді көп қырыққаны үшін колхоз сыйлық жазған екен, сонысын мынау сыртынан қол қойып алып қойыпты ғой. Анада мен үйінде жатқанда бұлан-талан боп, «мұнда қысы-жазы мал соңында бейнетті біз көреміз де, сыйлықты жаны тыныш жүрген ол алады. Басқармаға арыз етем» деп қиғылық салды ғой. Мен де ұрыстым өзіне: «Ауысқаның сол ма еді, ит? Бірінді-бірің сүйеудің орнына, қит етсе, арыз айтам, «ойбай сөйтем», «ойбай бүйтемге» әзірсіндер, түге» деп. Ол иттің мінезі де дойыр ғой. Үлкен деп сыйламай тік айттып тастаса, көңілін қалдырады ғой... Беу-у, құдай-ай, осылардың арасына дәнекер болам деп-ақ... Ертең менің көзім жұмылғанда қайтер екен? Бәрінің емгені бір ананың ғана – бір менің ғана ақ сүтім еді.

Әжем ауыр күрсініп, маңдайының терін сүртті. Қабағы кіртііп, ұрты бұрынғысынан да ортайып, әбден шаршаған кейіпте отырып қалды.

– Мәржапия да өне, сенің шешенді қан қақсатып кетті. Қанша айтамын сол қызға: «Енді үйің бөлек, күйің бөлек, жеңгелеріңе абайлап еркеле, екі ортада бауырларыңды ренжітіп аласың» деп. Тіпті, кейде зар жақ кемпір атанамын ба деп қорқам.

Бұрын отыннан қайтқанда бір самаурын шайды бір өзі төңкеретін әжем бұл жолы екі-үш кеседен әрі іше алмады.

– Жүрегім лоблып, батпай отырғаны, – деді.

...Біз біртіндеп әжемнің тірлігінен күдер үзе бастадық. Әбден әлсіреп, күні жеткенін сезді-ау деймін, бір күні: «Әсембай мен Еселбайға хабар беріңдер, арыздасып қалайын», – деді. Дерев ауданға да, таудағы Әсембайға да адам шаптырдық. Түске жақын үйіліп-тегіліп бәрі де келді. Әжемнің қолынан сүйіп, маңдайынан иіскеп, бала-шағаларымен қоралана, қоршай отырды. Ақтық демі қалған аяулы аналарына әрқайсысы жаудырай қарайды. Бәрінен де, Әсембай бос екен, еңіреп жылай береді.

– Арманым, өсиетім, сендердің татулықтарың! – Әжем татулықты өсиет етіп, ақырғы демі біткенше, балаларына дәнекер болып өтті.

– Жарықтық, төрт түлігі сай, үрім-бұтағының алдында жақсы аттанды, арманы жоқ, – десті жұрт. Әжем ұйықтаған адамша жатты.

Ұрты суалған, қабағында жалғыз ғана кейістік бар сияқты. «Бәріңнің емгенің бір ананың ғана – бір менің ғана сүтім еді, неге тату болмайсыңдар, не жетпейді?» дейтін тәрізді ол.

Сайын МҰРАТБЕКОВ.

Суретте: Қазақтың үш заңғар жазушысы - Бердібек Соқпақбаев, Сайын Мұратбеков, Тахауи Ахтанов.

КОНКУРСҚА ШЫҒАРЫЛАТЫН, АКВАШАРУАШЫЛЫҚ
МАҚСАТТАҒЫ ЖЕР УЧАСКЕЛЕРІНІҢ ТІЗІМІ

№	Жер учаскелерінің орналасу орыны	Жер учаскесі алаңы, га	Жер учаскесінің пайдалану мақсаты	Құқық түрі
Черкасск ауылдық округі				
1	Сарқан ауданы, босалқы жерлерден	1,0	Аквашаруашылық жүргізу	Уақытша 10 жылға
2	Сарқан ауданы, босалқы жерлерден	2,0	Аквашаруашылық жүргізу	Уақытша 10 жылға
3	Сарқан ауданы, босалқы жерлерден	2,8	Аквашаруашылық жүргізу	Уақытша 10 жылға

Аквашаруашылық жүргізу үшін уақытша өтеулі
жер пайдалану (жалға алу) құқығын беру жөніндегі
конкурс жариялау туралы хабарлама

Жетісу облысы, Сарқан ауданы әкімдігі, Қазақстан Республикасы Жер кодексінің 43-1 бабында және «Шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін уақытша өтеулі жер пайдалану (жалға алу) құқығын беру жөніндегі конкурсты ұйымдастыру мен өткізу қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары – Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2018 жылғы 20 желтоқсандағы № 518 бұйрығы негізінде, «Шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін уақытша өтеулі жер пайдалану (жалға алу) құқығын беру жөніндегі конкурс өткізетіндігі туралы хабарлайды:

Конкурсқа қатысу үшін өтінімдерді (конкурстық ұсыныс) қабылдау, жарияланғанан соң 30 күнтізбелік күннен кейін, 15 жұмыс күні ішінде, 27 шілде 14 тамыз аралығында қабылданады. Жетісу облысы, Сарқан ауданы, Сарқан қаласы, Тынышбаев көшесі № 8, Сарқан ауданының ауыл шаруашылығы мен жер қатынастары бөліміне табыс етеді.

Конкурсқа қатысу туралы өтінімдерді қабылдаудың (конкурстық құжаттаманы) соңғы мерзімі: 2026 жылдың 14 тамыз 18 сағат 30 минутқа дейін.

Конкурстық өтінімдер салынған конверттер 2026 жылдың 17 тамыз күні 10 сағат 00 минутта мына-мекен жайда ашылады: Жетісу облысы, Сарқан ауданы, Сарқан қаласы, Тәуелсіздік көшесі №111, аудан әкімдігінің үлкен мәжіліс залында.

Шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін уақытша өтеулі жер пайдалану (жалға алу) құқығын беру жөніндегі конкурсқа қатысуға өтінімде:

1) Қазақстан Республикасының мемлекеттік емес заңды тұлғалары үшін – заңды тұлғаның атауы, оның тұрған жері, заңды тұлға ретінде мемлекеттік тіркелуі (қайта тіркелуі) туралы мәліметтер, жарғылық капиталдағы (жарғылық капиталдың жалпы мөлшерінен) үлестерінің мөлшері көрсетіле отырып, өтінім берушінің – заңды тұлғаның басшылары мен қатысушылары немесе акционерлері туралы мәліметтер, өтінім берушінің үлестес тұлғалары туралы мәліметтер;

2) жеке тұлғалар үшін – өтінім берушінің тегі, аты және әкесінің аты (егер ол жеке басын куәландыратын құжатта көрсетілген болса), тұрғылықты жері, азаматтығы, жеке сәйкестендіру нөмірі, өтінім берушінің жеке басын куәландыратын құжат туралы мәліметтер;

3) өтінім беруші үміттеніп отырған жер учаскесінің орналасқан жері;

4) конкурстық ұсыныс;

5) өтінім беруші шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін уақытша өтеулі жер пайдалану (жалға алу) құқығын беру жөніндегі конкурстың жеңімпазы деп танылған жағдайда, шаруа немесе фермер қожалығын не ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін ауыл шаруашылығы мақсатындағы жер учаскесін уақытша өтеулі жер пайдалану (жалға алу) шартына қол қою қажеттігі туралы хабарламаны алған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде көрсетілген шартты жасасу жөніндегі міндеттеме қамтылуға тиіс.

Шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін уақытша өтеулі жер пайдалану (жалға алу) құқығын беру жөніндегі конкурсқа қатысуға өтінімді жеке тұлғаның немесе Қазақстан Республикасының мемлекеттік емес заңды тұлғасының уәкілетті өкілдері Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес берілген және ресімделген сенімхаттың негізінде ұсына алады.

Конкурстық ұсыныста мынадай құжаттар болуы қажет: Аквашаруашылық жүргізуге арналған конкурстық ұсыныста:

1) бизнес-жоспар (инвестициялардың болжамды көлемі, аквашаруашылық объектілерін өсіру көлемі, аквашаруашылық жүргізуге арналған тиісті инфрақұрылым мен жабдықтың, аквашаруашылық саласындағы білікті мамандардың болуы, құрылатын жұмыс орындарының саны);

2) Қазақстан Республикасы жер заңнамасының және Қазақстан Республикасының аквашаруашылық саласындағы заңнамасының талаптарын орындау жөніндегі міндеттемелер қамтылуға тиіс.

Конкурстық ұсыныс, "электрондық үкімет" веб-порталы арқылы беру жағдайларын қоспағанда, беттері нөмірленіп, тігілген түрде, жабық конвертте ұсынылады.

Конкурстық ұсыныста өтінім беруші ұсынған міндеттемелер мен бизнес-жоспар шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін ауыл шаруашылығы мақсатындағы жер учаскесін уақытша өтеулі жер пайдалану (жалға алу) шартының ажырамас бөлігі болып табылады.

Сонымен қатар, Конкурстық ұсынысты, "электрондық үкімет" веб-порталы арқылы беру жағдайларын қоспағанда, конкурсқа қатысушы беттері нөмірленіп, тігілген түрде мөрленген немесе өшірілмейтін сиямен жазылған жабық конвертте ұсынады, конкурстық ұсыныстың соңғы беті жеке тұлғалар (немесе сенімді өкіл) үшін - қатысушының қолымен және заңды тұлғалар үшін - бірінші басшының (немесе сенімді өкіл) қолымен және мөрімен (бар болса) куәландырылады.

Өтінімде және конкурстық ұсыныста қатысушыға грамматикалық және арифметикалық қателерді түзету қажет болған жағдайларды қоспағанда, жолдар арасында ешқандай кірістірмелер, өшірулер немесе қосып жазулар болмауы тиіс.

